

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА – 85 ЖАС!



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрдасы 85 жастағы география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, «Экология» халық академиясының академигі Жамалбеков Есбол Үсімбекұлы

Жамалбеков Есбол Үсімбекұлы 1934 жылы 17 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданы, Кершетас ауылында шаруа отбасында өмірге келген. 1951 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің биология-топырақтану факультетінің топырақтану бөлімінің студенті болған.

1956 жылы университетті өте жақсы бітіріп шығып, аспирантураға жіберілді. 1965 жылдың басында Е.Ү.Жамалбеков Қазақ ҒА топырақтану, ботаника және микробиология институттарының біріктірілген Ғылыми Кеңесінде “Мақта-Арал кеңшарының топырақ-мелиоративтік жағдайлары және оны

жасарту жолдары” тақырыбына ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады. 1992 жылы Ашхабад қаласында Бүкілодақтық Шөл институтының Диссертациялық кеңесінде «Маңғыстау түбегінің жер ресурстарын экологиялық-мелиоративтік бағалау, тиімді пайдалану және қорғау» тақырыбында «табиғатты қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану» (қазір 25.00.36 –геоэкология) мамандығы бойынша докторлық диссертациямды жемісті қорғады. География факультетінде Есбол Үсімбекұлы 1991 жылдан бастап ғылыми жұмысты ұстаздық жұмыспен жалғастырып, факультетте қазақ бөлімінің ашылуына байланысты шақырылуымен сабақ бере бастады. Алғашқы жылдары доцент, 1995 ж профессор қызметін атқаруда. Кезінде өзі бітірген оқу ордасына ұстаздық ете бастаған кезден Есбол Үсімбекұлы студенттермен магистранттарға екі тілде сабақ беріп, қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына біршама үлес қосып келеді. 1995ж Е.Ү.Жамалбеков-

ке ҚазМУ-дің ғылыми кеңесінің ұсынысымен Қазақстан ЖАК-сы профессор ғылыми атағы берілді.

Е. Жамалбеков әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ Ғылым Академиясының География институты жанындағы біріккен ОД 14А.01.37-география ғылымдарының докторлық дәрежесін қорғау диссертациялық кеңесінің 25.00.36-геоэкология мамандығы бойынша мүшесі болды. 2009 жылы университетіміздің әлеуметтік тұрғыдан белсенді, сапалы мамандар даярлау ісіне қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ –дың ең үздік оқытушысы» атағы берілді. Білім және ғылым саласына қосқан айрықша үлесі үшін сол жылы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев негізін қалаған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің арнайы медалімен марапатталды. Е.Ү. Жамалбеков Академия Президентінің Құрмет Грамотасымен екі рет, Қаз ССР-ның Білім қоғамының, Қазақ табиғат қорғау орталық қоғамының Құрмет Грамоталарымен, 1970 жылы «Айбынды еңбегі үшін», 1984 жылы ҚСРО-ның Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесінің қола, 1986 жылы «Еңбек ардагері», 2004 жылы «Тыңға 50 жыл» медальдарымен марапатталды.

Ерен еңбегі үшін марапатталған: ХШЖК қола медалі, «Айбынды еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Тыңға 50 жыл», «М.В.Ломоносовқа 300 жыл», «ОҚО Түлкібас ауданының құрметті азаматы» белгісімен, «Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ үздік оқытушысы» атағын алған (2009). Әр адам өзінің туған жерін сүю парыз. Жастарға айтары, Отанды сүюдің іргетасы, ол алдымен өзіңнің туған жеріңді сүюден басталады дейді. Сондықтан туған аулынан ешқашан қол үзбеген.

Қолынан келгенше ауылдағы мектепке көмектесіп тұрды. Аудандағы барлық қоғамдық-саяси шараларға қатысады. Сондықтан «Түлкібас ауданының Құрметті Азаматы» деген атақ беріп, Есбол Үсімбекұлы туралы «Оңтүстік Қазақстан Энциклопедиясына» (2015ж), «Ардақты ардагерлер мен билер» (2016) деп аталатын үлкен кітабына есімі жазылған, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалін кеудесіне тақты. Әрбір адам өзі шыққан тегін, атамекенінің тарихын, ата-бабаларының тәжірибесін білу қажет. Ол дүние танымды ұлғайтып, патриоттық сезімдер туғызады дейді..

Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Таңдаған ұстаздық жолыңызды абыроймен атқарып көптеген шәкірттерді тәрбиелеп білім беріп, білім ордасы университет ұясынан ұшырдыңыз.

Сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, камқор да талапшыл, аяулы ұстаз ретіндегі абзал қасиеттеріңіз баршымызды тәнті етпей қоймайды. Кішіге - ұстаз, үлгі-өнегесіз. Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың қасиеттері тек өз отбасыңыз үшін емес, әріптестеріңіз, дос-жаран үшін де зор мақтаныш.

Құтты болсын 85 келген мерей тойыңыз!

Қажымастан жүзден әрі асыңыз, дей отырып, сізге деніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шаттығын тілейміз. Студенттерге, жас ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын таба береді деп тілек білдіреміз.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұжымы